

**«Оқжетпес» емдеу-сауықтыру кешені» акционерлік қоғамы
қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт «Оқжетпес» емдеу-сауықтыру кешені» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - қоғам) қызметкерлерінің қызметінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу мақсатында 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес әзірленді.

2. Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеудің мақсаты:

1) Қоғам қызметі саласындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін белгілеу;

2) корпоративтік басқару тетіктерінің тиімділігін арттыруға жәрдемдесу, этикалық стандарттарға негізделген бірыңғай корпоративтік мәдениетті дамыту, ұжымда сенім, өзара құрмет пен әдептілік ахуалын қолдау, іскерлік әдеп нормаларын біркелкі түсіну және орындау.

3. Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеу міндеттері:

1) Қоғам қызметкерлерінің (бұдан әрі – қызметкерлер) сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлқын қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық көріністерін уақтылы анықтау және олардың теріс салдарын болғызбау.

4. Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың қағидаттары:

1) заңдылық;

2) транспаренттілік;

3) әдептілік;

4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;

5) мүдделер қақтығысына жол бермеу;

6) жариялылық пен ашықтық.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мазмұны

5. Қызметкерлер сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға, сыбайлас жемқорлықпен байланысты немесе сыбайлас жемқорлыққа жағдай

туғызатын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға не әрекеттерге жол бермеуге тиіс.

6. Егер қызметкерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы анық ақпарат болса, ол мұндай құқық бұзушылықты болдырмау және тоқтату жөнінде қажетті шаралар қолдануға тиіс.

Қажетті шараларға құрылымдық бөлімшенің тікелей басшысын хабардар ету жатады.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақпаратты алғаннан кейін басшылық олар бойынша, оның ішінде егер қызметкердің іс-әрекеттерінде заңнама бұзушылықтар болмаса, қызметкердің одан арғы қызметтік қызметіне, оның құқықтары мен заңды мүдделеріне теріс әсер ететін заңсыз қудалаудан қорғау жөнінде тиісті шаралар қабылдайды.

7. Қызметкерлер өз әрекеттерімен және шешімдерімен жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруын қиындататын әкімшілік және өзге де кедергілерге жол бермеуге тиіс. Мұндай фактілер анықталған жағдайда қызметкерлер оларды жою жөнінде шаралар қабылдауы тиіс.

8. Кәсіптік, қызметтік қажеттілікке, сондай-ақ еңбек қатынастарына байланысты қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді білетін қызметкерлер «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әрекет етуге тиіс.

9. Қызметкерлер экономикалық залалды болдырмау жөніндегі барлық мүмкіндіктерді пайдалануы, жеке мүдделері мен үшінші тұлғалардың мүдделері үшін сыртқы және ішкі тексерулерге бастамашылық жасауға жол бермеуі тиіс.

10. Қызметкерлер өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерді жеке мүліктік және мүліктік емес пайда алу үшін пайдаланбауға тиіс.

11. Қызметкерлер мүдделер қақтығысына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдауы тиіс.

12. Мүдделер қақтығысы туындаған кезде, яғни қызметкердің жеке мүдделілігі мен оның өзінің лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындауы немесе жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделері арасында осы заңды мүдделерге зиян келтіруге әкеп соғуы мүмкін қайшылық туындаған жағдайда қызметкер Қазақстан Республикасының заңнамасында және ішкі құжаттарда көзделген оның алдын алу және реттеу жөнінде шаралар қолдануға міндетті Қоғамдар.

13. Жұмысшылар іскерлік этикет пен ресми мінез-құлық ережелерін сақтауы керек, сонымен қатар:

1) заңдылық қағидатын, Конституцияның, заңдардың, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарын басшылыққа алуға;

2) автокөлік құралдарын қоса алғанда, сеніп тапсырылған мүлікті қоғамның меншігінің сақталуын қамтамасыз етуге, ұтымды, тиімді және тек қызметтік мақсатта пайдалануға;

3) Жеке және заңды тұлғалардың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз етуге, олардың өтініштерін қарау кезінде бюрократия мен сөзбұйдаға жол бермеуге, өтініштер бойынша белгіленген мерзімдерде қажетті шаралар қолдануға;

4) өз іс-әрекеттерімен қоғам тарапынан негізделген сынға себеп бермеу, сын үшін қудалауға жол бермеу, кемшіліктерді жою және өз қызметін жақсарту үшін сындарлы сынды пайдалану;

5) жеке және заңды тұлғалардың өкілдерімен, сондай-ақ әріптестерімен қарым-қатынаста сыпайылық пен құрмет көрсету, жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтау, қызметтік міндеттерін атқару кезінде телефон арқылы келіссөздер жүргізу мәдениетін ұстану;

6) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздеріне құрметпен қараудың үлгісі болу;

7) Қазақстан Республикасы халықтарының Мемлекеттік және басқа да тілдеріне, салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға;

8) тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне қарамастан әріптестері мен өзге де адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

9) еңбек тәртібін мүлтіксіз сақтауға, өзінің лауазымдық міндеттерін адал, бейтарап және сапалы орындауға, жұмыс уақытын ұтымды пайдалануға;

10) қызметтік міндеттерін тиімді орындау үшін өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыруға, қойылған міндеттерді шешудің оңтайлы және үнемді тәсілдерін қолдануға;

11) қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін тиісінше орындауына кедергі келтіретін әрекеттерге қарсы тұруға;

12) кадрларды туыстық, жерлестік және жеке берілгендік белгілері бойынша іріктеу және орналастыру жағдайларына жол бермеуге;

13) бағынысты қызметкерлердің міндеттері мен қызметтік өкілеттіктерінің көлемін дәл айқындауға, анық орындалмайтын өкімдер бермеуге, бағынысты қызметкерлерден олардың лауазымдық міндеттерінен тыс тапсырмаларды орындауды талап етпеуге;

14) бағынысты қызметкерлерге қатысты негізсіз айыптауларға, дөрекілік, адамның қадір-қасиетін қорлау, әдепсіздік фактілеріне жол бермеуге;

15) бағынысты қызметкерлерді жалпыға бірдей қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес келмейтін құқыққа қайшы теріс қылықтар немесе іс-әрекеттер жасауға мәжбүрлемеуге;

16) кәсіптік даярлықтың қажетті деңгейіне ие болуға, оның ішінде орындалуы бағынысты қызметкерлердің функционалдық міндеттеріне жатқызылған мәселелер бойынша;

17) ұжымда іскерлік өзара қарым-қатынастар мен сындарлы ынтымақтастықты орнатуға және нығайтуға ықпал етуге, қызметкерлердің іскерлік әдеп нормаларын бұзу фактілеріне жол бермеуге және жолын кесуге, әріптестеріне көмектесуге, олармен білімі мен тәжірибесімен бөлісуге;

18) басқа жұмыскерлер мен көрсетілетін қызметті алушыларға қатысты

өз әрекеттерімен немесе сөздерімен қудалауға, қорқытуға не қорлау жасауға жол бермеуге міндетті.

14. Қызметкерлер қызмет бабын және олармен байланысты мүмкіндіктерді қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да коммерциялық емес ұйымдардың мүдделері үшін, оның ішінде өздерінің оларға көзқарасын насихаттау үшін пайдаланбауға тиіс.

15. Басшы лауазымдарды атқаратын қызметкерлер бағынысты қызметкерлерді қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да коммерциялық емес ұйымдардың қызметіне қатысуға мәжбүрлей алмайды.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты орындау

16. Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Қоғамның барлық қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті.

17. Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың сақталуын бақылау Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына жүктеледі.

«Оқжетпес» емдеу-сауықтыру кешені» АҚ
Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартымен танысу парағы

№ р/н	Атқаратын лауазымы	А.Ж.Т.	Қолы
1.			
2.			
3.			
4.			
5.			
6.			
7.			
8.			
9.			
10.			
11.			
12.			
13.			
14.			
15.			
16.			
17.			
18.			
19.			
20.			
21.			
22.			
23.			
24.			
25.			
26.			
27.			
28.			
29.			
30.			
31.			
32.			
33.			
34.			
35.			
36.			

